



**"Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 201 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 маусымда № 15203 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

"Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10297 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 47 (28525) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5135 болып тіркелген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін аяқтағаны туралы құжат ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2 тармақтармен толықтырылсын:

"6-1. 1-курстың бірінші семестрінен кейін шетелдік ЖОО-дан ауыстыру немесе қайта қабылдану кезінде, тұлғалар 6-тармақта көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) үлгідегі ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) сертификатын ұсынады.

ҰБТ мен КТ-ға қатыспаған немесе өту балын жинамаған тұлғалар Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 5-бап, 12-тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген, ҰБТ және КТ өткізу қағидаларында көрсетілген мерзімде КТ тапсырады.

6-2. Шетелдік ЖОО-дан ауыстыру немесе қайта қабылдану кезінде тұлғалар 1-курстың бірінші семестрінен кейін 6-тармақта көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ шетелдік ЖОО-ға түсер алдындағы сынақ нәтижелерін ұсынады.";

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Магистранттар, резидентура тыңдаушылары және докторанттар басқа ЖОО-ға тек ақылы негізде ауысады.

33. Студенттерді, магистранттарды, резидентура тыңдаушыларын және докторанттарды басқа ЖОО-дан ұлттық ЖОО-ға ауыстыру тек ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Бұл ретте, студенттің ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің сертификатындағы балл саны 60-тан төмен болмауы және орташа үлгерім балы (GPA - Grade Point Average (Грейд Пойнт Эверейдж)) аталған ұлттық ЖОО-дағы белгіленген ауысу балынан төмен болмауы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 33-1 тармақпен толықтырылсын:

"33-1. Білім алушыларды шетелдік ЖОО-дан ауыстыру тек ақылы негізде ғана жүзеге асырылады."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Д.Ж. Ахмед-Заки) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына және Қазақстан Республикасы Әділет ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы</i>	<i>Б. Асылоба</i>
--	-------------------

**ПРИКАЗЫВАЮ:**

Внести в **приказ** Министра образования и науки Республики Казахстан от 20 января 2015 года № 19 "Об утверждении Правил перевода и восстановления обучающихся по типам организаций образования" (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №10297, опубликованный в газете "Казахстанская правда" от 12 марта 2015 года №47 (27923) следующие изменения и дополнения:

в **Правилах** перевода и восстановления обучающихся по типам организаций образования, утвержденных указанным приказом:

пункт 6 изложить в следующей редакции:

"6. При переводе или восстановлении обучающегося из зарубежной организации образования представляется документ об освоенных учебных программах (академическая справка или транскрипт), а также документ о завершении предыдущего уровня образования, который проходит процедуру нострификации в Республике Казахстан в порядке, установленном **Правилами** признания и нострификации документов об образовании, утвержденными приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 10 января 2008 года № 8, зарегистрированным в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 5135.";

дополнить пунктами 6-1 и 6-2 следующего содержания:

"6-1. Лица, при переводе из зарубежного вуза или восстановлении после первого семестра первого курса представляют наряду с документами, указанными в **пункте 6**, также сертификат единого национального тестирования (далее – ЕНТ) или комплексного тестирования (далее – КТ) по форме утвержденной **приказом** и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 23 октября 2007 года № 502 "Об утверждении формы документов строгой отчетности, используемых организациями образования в образовательной деятельности" (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 4991) с баллом не ниже установленного порогового балла.

Лица, не участвовавшие или не набравшие пороговый балл по ЕНТ и КТ, сдают КТ в сроки предусмотренные правилами проведения ЕНТ и КТ, утверждаемые уполномоченным органом в соответствии с **подпунктом 12)** статьи 5 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года "Об образовании".

6-2. Лица, при переводе или восстановлении из зарубежного вуза после 1-го курса представляют наряду с документами, указанными в **пункте 6**, также результаты вступительных испытаний при поступлении в зарубежные вузы.";

**пункты 32 и 33** изложить в следующей редакции:

"32. Магистранты, слушатели резидентуры и докторанты переводятся в другой вуз только на платной основе.

33. Перевод студентов, магистрантов, слушателей резидентуры и докторантов из других вузов в национальный вуз осуществляется только на платной основе.

При этом студент должен иметь сертификат ЕНТ или КТ не ниже 60 баллов и средний балл успеваемости (GPA-Grade Point Average (Грейд Пойнт Эверейдж)) не ниже, установленного переводного балла в данном национальном вузе.";

дополнить пунктом 33-1 следующего содержания:

"33-1. Перевод обучающихся из зарубежного вуза осуществляется только на платной основе."

2. Департаменту высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки Республики Казахстан (Ахмед-Заки Д.Ж.) в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан;

2) в течение десяти календарных дней со дня государственной регистрации настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан направление копий настоящего приказа в периодические печатные издания для официального опубликования, а также в республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Республиканский центр правовой информации" Министерства юстиции Республики Казахстан для внесения в Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан;

3) размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства образования и науки Республики Казахстан.

4) в течение десяти рабочих дней после государственной регистрации настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан представление в Департамент юридической службы и международного сотрудничества Министерства образования и науки Республики Казахстан сведений об исполнении мероприятий, предусмотренных подпунктами 1), 2) и 3) настоящего пункта.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра образования и науки Республики Казахстан Суханбердиеву Э.А.

4. Настоящий приказ вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

*Исполняющий обязанности  
Министра образования и науки  
Республики Казахстан*

*Б. А*